

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2025-2026 оқу жылындағы

Қамқоршылық кеңес отырысының Хаттама №3

Өткізілген күні: 16.03. 2026 жыл

Өткізілген орны: директордың кабинеті

Қатысқандар: мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері, ата-аналар комитеті өкілдері, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы.
2. Мектептің әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасы, оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында атқарылған іс-шаралар есебі.
3. Аз қамтылған, көп балалы, жартылай асыраушысы жоқ отбасылар балаларының әлеуметтік жағдайы және тамақтануын ұйымдастыру туралы есеп.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы туралы

Баяндамашы Рахимбекова Мадина Калымтаевна қамқоршылық кеңесінің төрағасы. Өткен №2 отырыста қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берілді. Қабылданған қаулылардың басым бөлігі толық көлемде орындалып, профилактикалық және ұйымдастырушылық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілгені атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Мектептің әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы және оқушылардың денсаулығын сақтау шаралары туралы ақпарат берді.

Баяндамашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Олжабек Сайран сөз алды. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен, ауылдық медициналық пунктпен және құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстары туралы есеп ұсынылды. Оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шаралар, спорттық жарыстар, түсіндіру сабақтары және профилактикалық әңгімелер өткізілгені хабарланды.

3-мәселе бойынша:


Аз қамтылған, көп балалы, жартылай асыраушысы жоқ отбасылар балаларының жай-күйі және тамақтануы туралы

Баяндамашы: әлеуметтік педагог Нурдиллаева М.Г ақпарат берді. Мектеп бойынша әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін отбасылардың тізімі жаңартылып, балалардың тұрмыстық жағдайы мен мектептегі

тамақтануы тұрақты бақылауда екені баяндалды. Қазіргі таңда аталған санаттағы оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылып, әлеуметтік қолдау шаралары үздіксіз жүргізілуде.

Қаулы етілді:

1. Алдыңғы отырыста қабылданған шешімдердің орындалуын тұрақты бақылауда ұстау.
2. Мектептің әлеуметтік ортамен өзара байланысын одан әрі нығайту және оқушылардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру.
3. Аз қамтылған, көп балалы және жартылай асыраушысы жоқ отбасылардың балаларына әлеуметтік қолдау көрсету және олардың тамақтануын үздіксіз бақылау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  М.Рахимбекова

Хатшы:  Койбагарова З.Т